

"Квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының шекті көлемін айқындау мәселелері жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 38-ө өкіміне өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 25 қаңтардағы № 16-ө өкімі

"Квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының шекті көлемін айқындау мәселелері жөнінде комиссия құру туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2018 жылғы 3 сәуірдегі № 38-ө өкіміне мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген Квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының шекті көлемін айқындау мәселелері жөніндегі комиссия туралы ережеде:

6-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) квазимемлекеттік сектордың сыртқы борышының шекті көлемін айқындау, сондай-ақ валюталық түсім болмаған жағдайда квазимемлекеттік сектор субъектілерінің шетел валютасындағы жаңа қарыздарын қарыз сомасының кемінде 30 %-ы мөлшерінде хеджирлеу жөніндегі ұсынымдар тұжырымдау;"

мынадай мазмұндағы 6-1-тармақпен толықтырылсын:

"6-1. Комиссия квазимемлекеттік сектор субъектілері ұсынатын қарыздарға қызмет көрсету бойынша жоспарларды ескере отырып ұсынымдар тұжырымдайды."

Премьер-Министр

Ә. Смайылов